ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 9 шілде №4360-25-00-2/1527 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С. Умарсирикова,
онайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша электронды форматтағы азаматтық істі жеке-дара қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Әйтеке би кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ЖАСА ТРАНС СЕРВИС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Орындалмаған жұмыстарды мәжбүрлеп орындату туралы
3. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Әйтеке би кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ЖАСА ТРАНС СЕРВИС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, орындалмаған жұмыстарды мәжбүрлеп орындату және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ЖАСА ТРАНС СЕРВИС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «ЖАСА ТРАНС СЕРВИС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 2025 жылғы 23 сәуірде №77 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты негізінде орындалмаған жұмыстарды мәжбүрлеп орындалсын.

Жауапкер «ЖАСА ТРАНС СЕРВИС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 85 989 (сексен бес мың тоғыз жүз сексен тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбын және 6 512 (алты мың бес жүз он екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер онайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның онайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья С.Умарсирикова
көшірмесі дұрыс
Судья С.Умарсирикова

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «20 » тамыз 2025 жылы.

Судья С.Умарсирикова

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 09.07.2025